«Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңес

Хаттама №1

Қатысқаны-9 **02. 09.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. «Ұлмекен-Ана» балабақшасында өткізілген Білім күніне арналған мерекелік іс-шараны талқылау.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша алғы сөзді балабақша меңгерушісі П.Охасова алды: - Құрметті ұстаздар! Қымбатты әріптестер, ата-аналар және балабақша тәрбиеленушілері! Сіздерді бүгінгі жарқын да қуанышты, айтулы мереке – Білім күнімен құттықтаймын! 1 қыркүйек барша халықтың дәстүрлі мерекесі! Бұл мереке кейбір азаматтардың балабақша, мектеп қабырғасын, колледж және жоғары оқу орындарына барған күндерін еске түсірумен сипат алса, жас мұғалімдер мен тәрбиеші-мамандардың алғашқы жұмыс күні әсері мен толғанысын айғақтайтын ұмытылмас сәттермен есте қалады. Әрбір адамның өміріне ерекше әсер қалдыратын бұл күн еліміздің барлық тұрғындарының басын біріктіреді: әуелі балабақша содан кейін мектеп табалдырығын аттауға асыққан балауса бүлдіршіндеріміз, осы күйді екінші рет бастан кешіп отырған ата-аналар. Білім беру мекемелерінің педагогтары мен жетекшілері бүгін, яғни 1 қыркүйек күні білім қабырғаларын аттағалы тұрған оқушылар мен тәрбиеленушілерді қарсы алады, бұл күн тек атаулы мереке ғана емес, бұл біздің еліміздің болашағы тәуелді болған қызу қайнаған, жауапты кезең бастамасы. Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінің тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады. Баршаңызды бүгінгі Білім күнімен және жаңа оқу жылының басталуымен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге бүгінгі ерекше, жайма шуақ күні жақсы көңіл-күй, жаңа жетістіктер мен ашылуларға ұдайы ізденіс, шығармашылық, мықты денсаулық және жаңа бастамаларда тек қана сәттілік тілеймін. Бүгінгі күн Сіздер үшін үлкен үміттер күтетін күн болсын! Көздеген мұрат-мақсаттарымызға қол жеткізіп, армандарымыз орындалсын. Келешегіміз кемел болып болашақта асу белестерді бағындыра берейік.

Келесі сөзді балабақша әдіскері: М. Тленчина алды: Баршаларыңызды ұстаздардың төл мерекесі «Білім күнімен» құттықтай отырып, дендеріңізге саулық, еңбектеріңізге табыс тілеймін! Балабақшамыздың ортаңғы және

ересектер тобының ұйымдастыруымен өткізілген «Білім бастауы – балабақшада» атты мерекелік іс-шара өз деңгейінде өтті.

Бұл іс-шараның мақсаты: жас бүлдіршіндерге 1-ші қыркүйек күні барлық балабақшаларда, мектептерде басқа да білім беру мекемелерде сабақтар басталатынын түсіндіру. Бұл күн олар және ұстаздар үшін үлкен мереке күні болып саналатынын, әрбір білім беру мекемелерінде алғашқы қоңырау соғылатынын және де осы тұңғыш қоңыраудан бастап күнделікті оқу басталатынын айтып түсіндіру. Сондай-ақ балаларға жақсы, білімді, тәрбиелі азамат болу үшін, ерінбей оқу оқып, білім алудың маңыздылығын жеткізу. Ол үшін балабақшаға күнде келіп, сабақ оқып, тәрбие алу қажеттігін түсіндіру. Себебі білімнің бастауы-балабақшадан басталады деп өз сөзін аяқтап, іс-шараға қатысқан топ тәрбиешілері мен тәрбиеленушілерін тағы да құттықтап, алғысын білдірді.

Қаулы етілді:

1. Балалардың білім алуын қадағалау іске асырылып, Білім күні аталып өтілсін.

Балабақша меңгерушісі: П. Охасова

Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар балабақшасы ЖШС
Педагогикалық кеңес
Хаттама №2

Қатысқаны-9 **25. 12.2021ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен пед. Кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. «Таным» саласы бойынша Жаратылыстану - «Бөлме ішіндегі тірі табиғат» бұрышы атты байқаудың қорытындысы.
3. Ортаңғы топта қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру, ұйымдастырылған оқуқызметінің сапасы.

Тыңдалды:

1. Жиналыстың бірінші сауалы бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова өткен пед. Кеңесте қабылданған шешімнің орындалуы туралы мәлімет алған болатын.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша топтар арасында «Таным» саласы бойынша Жаратылыстану - «Бөлме ішіндегі тірі табиғат» бұрышы атты байқаудың қорытындысын балабақша әдіскері М.Тленчина жасады. Жалпы айтқанда барлық топтардың дайындығы жаман емес, әдемі, әсерлі қолөнерлері жеткілікті, алайда келешекте бұдан басқа да көз жауын алатындай жұмыстар жасау керек, - деп айтып өтті.
3. Үшінші сауал бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина ортаңғы топта қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасын айтып, барлық топ тәрбиешілерімен талқыға салды. Балаларды мектепке дайындау бағдарламасы бойынша қарапайым математиканың негізгі амалдарымен әдіс-тәсілдерін балаларға түсінікті түрде жеткізу қажет, - деп айтты.

Қаулы етілді:

1. Топтардағы «Бөлме ішіндегі тірі табиғат» бұрышына тақырып бойынша қолөнерлері мен көрнекіліктерімен қосымша толықтырылсын.
2. Ортаңғы топта қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасын жоғары деңгейге жеткізу мақсатта тиісті жұмыстар жасалынсын.
3. Ашық ұйымдастырылған оқу-қызметінің өткізу тәртібі мен әдістері жаңа талаптар бойынша жүргізілсін.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңес

Хаттама № 3

Қатысқаны-9 **21. 02.2022ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Өткен пед. Кеңес шешімінің орындалуына есеп беру.
2. Шығармашылық есеп: «Коммуникация» білім саласында балалардың негізгі құзыреттілігін қамтамасыз етудің әдістері мен тәсілдері.
3. Ортаңғы топтарда «Шығармашылық» саласы бойынша оқу қызметтерінің мазмұндық сапасына салыстырмалы тексеру қорытындысы Баяндама: «Тұлғаның қалыптасу негізі – балабақшамен ата-ана ынтымақтастығында».
4. Ұжымдық ашық ұйымдастырылған оқу-қызметтері: «Қыс мезгілі көңілді».

Тыңдалды:

1. Жиналыстың бірінші сауалы бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова өткен пед. Кеңесте қабылданған шешімнің орындалуы туралы мәлімет алған болатын. Берілген тапсырмалар орындалып, оқу-тәрбие процессі жүргізілуде.
2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша топтарда «Коммуникация» саласы бойынша тіл дамыту, сауат ашу, ағылшын пәндері тиісті деңгейде өткізіліп, балалардың білімі жетілдірілу мақсатында болып өтті. Жаман емес, әдемі, әсерлі қолөнерлері жеткілікті, келешекте бұдан басқа да көз жауын алатындай жұмыстар жасау керек, - деп айтып өтті.
3. Үшінші сауалды топ тәрбиешілері «Шығармашылық» саласы бойынша ұйымдастырылған оқу қызметтерінің мазмұндық сапасының тексерудің қорытындысы талқыланды. Атап айтар болсақ, ортаңғы топ тәрбиешісі С.Өтебай «Тұлғаның қалыптасу негізі – балабақшамен ата-ана ынтымақтастығында» тақырыбында баяндама оқып, қорғап шықты. Тақырыпқа байланысты материалдары бар.Сондай- ақ «Балауса» ортаңғы тобында тәрбиеші Р.Дауылбаева «Қыс мезгілі көңілді» тақырыбында оқу қызметін өткізді. Топтың тазалығы, безендіруі жақсы, тәрбиешілер тақырыпты аша білді, балалар дайындығы жақсы. Айтып өтетін жайт: қыс мезгіліне қатысты көрнекіліктер көптеу болуға тиіс еді, - деген пікірлер айтылды.

Қаулы етілді:

1. Ұйымдастырылған оқу-қызметі барысында көрнекі құралдар мен өзге де материалдар тақырыпқа және де бала жасына сай болуын талап етті.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина

«Ұлмекен-Ана» балалар бақшасы ЖШС

Педагогикалық кеңес

Хаттама №4

Қатысқаны-9 **14.05.2022ж.**

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Ұжымдық ашық ұйымдастырылған оқу-қызметтері «Қош келдің Әз Наурыз»

«Көктем сыйы»

«Ертегі еліне саяхат»

«Достық біздің тірегіміз»

«Бейбіт күні жасасын»

«Жеңіс күні»

2. Баяндама «Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолдары».

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша балабақша ішіндегі топтарында өткізілген оқу қызметтері талқыланды. Балабақша тәрбиешілері өздеріне белгіленген ашық ұйымдастырылған оқу қызыметтерін өткізді. «Балауса» ортаңғы тобының тәрбиешісі С. Өтебай «Қош келдің Әз Наурыз» атты тақырыпта ашық оқу қызметін өткізген болатын. Топтың дайындығы жақсы: тазалығы және тақырып бойынша рәсімделуі жақсы орта деңгейде дайындалған. Балалар дайындығы мен қатысуы, қойылған сұрақтарға өздеріне тиісінше жауап беріп отырды. Тақырып бойынша тәрбиеші оқу-қызметін аша білді. «Балсая» тобының тәрбиешілері Дайрабаева Салима мен Сәдір Мәлика «Жеңіс күні» тақырыбын өз деңгейінде алып шықты. Топ безендірілген, көрнекіліктер тақрыпқа сай, балалар тақпақтарын айтып, берілген сұрақтарға ауап беріп жақсы өтті. «Балауса» тобының тәрбиешісі С.Өтебай «Көктем сыйы» тақырыбында оқу қызметін өтіп шықты, тағы осы топ тәрбиешісі М.Сайрамбаева «Достық біздің тірегіміз» атты тақырыпта оқу-қызметін алып шықты деуге болады. Балалар дос туралы шеңбермен бастап, тақпақтарымен бөлісті. Көрнекі құралдары тақырыпқа сайы аз болды, бирақ тәрбиеші дос туралы балаларға жақсы түсінік беріп сабақты өз деңгейінде алып шықты. Ересек топ «Балдәурен» топ тәрбиешілері М.Тленчина мен Ж.Алимханова «Бейбіт күні жасасын» атты тақырыпта кең көлемде ашық ұйымдастырылған оқу-қызметін өтті. Тобымыз әсемделген, көрнекі құралдар, балалар киімдері тақырыпқа сай. Өте керемет ашық ұйымдастырылған оқу-қызыметі болып өтті Ең бастысы балаларға қызықты болып өтті. Балалар осы тақырып бойынша көптеген нарселерді білді. Балалар қызығушылықпен, белсенділікпен қатысты.

Жиналыстың екінші мәселесі бойынша, бұл баяндама ересек топ тәрбиешісі Ж.Алимханова «Балабақшада ойын арқылы балалардың сөздік қорларын дамыту жолы» атты тақырыпта баяндаманы оқып, түсінік беріп өтті. Тыңдаушылар баяндаманың тәрбие беру, тәртіп үйрету, дамытушылық мәні зор. Өзара білім алмасуда білім беру әдістерінің бірі болып табылады, - деген тұжырымға келді.

Тыңдалды:

1. Жианлыстың бірінші сауал бойынша балабақша меңгерушісі П.Охасова «Балабақша тәрбиеленушілердің денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету және қадағалау» мақсатында «Баланың қауіпсіз жағдайда болу» атты рейд жүргізуге арналған топ құрылған болатын. Осы топ мүшелері болып әдіскер М.Тленчина, балабақша медбикесі З. бекітілген. Рейд барысында топтардың жәй-күйі, тазалығы, қауіпсіздік деңгейі тексерілді.
2. Педагогикалық кеңестің күн тәртібіндегі екінші мәселесі бойынша балабақша әдіскері М.Тленчина топ тәрбиешілеріне оқу процесі барысында, күнделікті жұмыс жүргізу кезінде қауіпсіздік ережелеріне, өрт қауіпсіздігіне, техника қауіпсіздігіне аса назар аудару қажеттілігі туралы қайталап айтып өтті.
3. Балабақша әдіскері М.Тленчина балалар бақшамыздың ортаңғы топ пен ересек топтарға «Толағай» және «Біз жүйрікпіз!» атты сайыстар балалардың қимыл – қозғалыс белсенділігін қалыптастыруына бағытталған өте жақсы іс-шара болды. Сайыстар жақсы деңгейде өтті, балалар қызығушылықпен қатысып, белсенділік танытты. Осы сияқты сайыстар жиі өткізіліп, жалғасын тапсын, - деген пікірмен өз сөзін аяқтады.

Қаулы етілді:

1. Балабақша топтарындағы қауіпсіздік ережелері тиісті деңгейде сақталып, талаптары орындалуы тиіс.

2. Балабақшадағы балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін ұйымдастыру тақырыбындағы іс-шаралар жиі-жиі өткізілсін.

Балабақша меңгерушісі: П.Охасова

Әдіскер: М.Тленчина